

Қазығұрт ауданы
Жаңабазар ауыл округі
«Балдырған бөбекжайы» балабақшасы

Ертенгілік

Тақырыбы: «Күз сыйы»

«Жұлдыз» тобы



Тәрбиешілер:

Ән жетекші:

Имадуллаева А.
Естемесова М.
Ештаева С.

2017 жыл

«Күз сыйы»



Мерекесімен:
Аты: Жұлдыз

Жүргізуші: Қуантты біздерді
Мерекелі күз келді
Кел жемісті алтын күз
Кемелденсін халқымыз

Жүргізуш: Армысыздар құрметті ата-аналар, балабақша қызыметкерлері!
Балабақшамыздың бүгінгі «Алтын күз» мерекесімен шын жүректен
құттықтаймыз!

«Жұлдыз» тобының «Күз сыйы» атты ертенгілігімізді бастаймыз.

Тосын сәт: Дымбілмес әндетіп кіреді.

Жүргізуші: Ой, сен кімсің?

Дымбілмес: Мен Дымбілмеспін, атым солай болғанымен, тақпақ білемін.
Би де билей аламын, жапырақтарды жұламын, құстарды,
малдарды, қуамын. Балабақшаға барғым келмейді, тек күні
бойы далада ойнағанды жақсы көремін.

Жүргізуші: Дымбілмес, сен қазір жылдың қай мезгілі екенін білесің бе?
(Қыс мезгілі)

Жүргізуші: Балалар Дымбілмес дұрыс айтып тұр ма?

Балалар: Жоқ, қазір күз мезгілі.

Дымбілмес: Балалар мен күзді өте жақсы көремін.

Жүргізуші: Дымбілмес онда біздің балаларымыздың күз туралы
тақпақтарын тыңдай отыр.

Жүргізуші: «Алтын күз» мерекесіне арнап тақпақтардан шашу шашайық.

У. Гулназ:

Берекесін сыылауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді.

Жансұлтан:

Күзім-ау, күзім-ау
Мінезің бұзық ау.
Жаңбырың сіркіреп
Келгенің бұзық-ау.

У. Інжу:

Жемісі мол теретін
Күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген

Қ.Нұрасыл:

Көрінеді шалғайдан,
Бел-белестер сарғайған,
Сары жарыран тоғаймен
Тоғайда да көрдім мен.

М.Каусар:

Астық жеміс жиналды,
Қамбамызға жиылды,
Алдыңғы жеміс алды
Алдқ өнім сыйыңды.

Димаш:

Келді күз
Санай бер,
Керей бер

Би: «Ассалаумағаликум»

Сырым

Нұрасыл

Әли

Жансұлтан

Фариза

Аяулым

Ф. Інжу

У. Інжу

Жүргізуші: Дымбілмес сонымен бірге әр түрлі жемістер, көкөністер
дақылдар да туралы тақпақтар білеміз.

Сауран:

Мен алмамын, алмамын
Таңдай жұлар бәр дәмім.

Мирас:

Мен өрікпін, өрікпін
Табиғатқа көрікпін.

П.Бағдәулет:

Мен алмұртпын, алмұртпы
Аузындамын бар жұрттың

Назгул:

Исі жұпар аңқыған
Бақшадағы шырынмын.
Жеп көргенде тамсанған,
Балдай татті қауынмын.

Зере:

Ақ түсім бар қант алар,
Қызыл түсім қанға нәр
Зияным жоқ біліп қой
Қызылшамын пайдам бар.

Малика:

Мен шиемін, шиемін
Күннің көзін сүйемін
Қышқыл шырын мен,
Төмен басты иемін.

Бекбатыр.Б:

Көрсең егер бақшада,
Доп екен деп қалма
Шөл қандырар қарбызбын
Ерте үзіп алма

Әуес:

Дамытатын ойымды
Өсіретін бойымды
Сабіздерміз жазықпыз
Қоянға да азықпыз.

Би: «Зонтик»

Элдар-Назгул.

Б.Бағдәулет-Зере.

Сауран-Айкүнім.

П.Бағдәулет-Гүлназ.

Мирас-Нурилла

Жүргізуші: Балаларымыздың тақпақтарын тыңдаңыздар.

Қ.Аяулым:

О, алақай тамаша!

Шашу шашты жапырақ

Бақтың іші алаша,

Аунар ма еді жатып ап!

Әли:

Жайдарлы күз жомарт күз

Аяулы күз алтын күз

Дәнге толы кең далам

Фариза:

Көк майса көрікті,

Алқаптағы көп егін

Бұл күндері киіпті,

Сары жібек көйлегін.

Ф.Інжу:

Айнала сары ала

Қырманға дәл тола

Жемістер пісіпті

Қоймаға түсіпті.

Сырым:

Алқаптан бидайды

Қоймаға ел жинайды

Тырнасы тізілген

Жүргізуші: Енді балалар, мерекеміздің сәнін келтіретін күз ханшайымын ортаға шақырайық! Осы кезде

Хор: «Алтын күз» әуенімен ортаға Күз ханшайымы билеп келеді.

Күз ханшайымы: Армысыздар балалар!

Күзгі бақта қонақтар!

Өздеріңе әкелдім,

Күздің сыйын көз тартар.

Күз ханшайымы: Мен Дымбілместің жасап жүрген істерінің дұрыс емес екенін айтып түсіндірейін. Өсіп тұрған ағаштардың

жапырақтарын жүлуға болмайды, Үй жануарларын

қорлауға, сабақтан қалуға болмайды.

Дымбілмес: Бұдан былай ақылды бола аламын,

Күз ханшайымы мені кешіріңізші

балалар мен енді үйіме қайтайын өте, өнерлі екенсіңдер

бұдан былай менде сендер сияқты ақылды боламын қош

қош сау болыңдар.

Жүргізуші: Қош келдің Күз ханшайымы бізге қонақ болып,
балаларымыздың әндерін, тақпақтарын тыңдай отыр.
Және де балаларымыздың өнерлері де бар.

Күз ханшайымы: Балалар сендермен ойын ойнағым келіп тұр. Менімен
ойын ойнағыларың келе ма? (Ия)

Ойын: «Тенге алу ойыны» ойыны.

С. Мирас.

Т. Сауран.

С. Жансұлтан.

А. Әли.

Ә. Димаш.

Б. Бағдәулет.

А. Рамазан.

К. Әуес.

Күз ханшайымы: Ой балалар, өте өнерлі екенсіңдер. Ойынды өте жақсы
ойнайды екенсіңдер. Мен сендермен қоштасамын.
Қош сау болыңдар.

Жүргізуші: Балаларымыздың орызша тақпақтарын тыңдаңыздар.

Фариза:

Здравствуй, осень! Как дела?
Ты надолго к нам пришла?
Приготовила уж краски,
Чтоб одеть деревьям маски?

У. Інжү:

Осень я люблю за то
Что пора носить пальто
И сапожки одевать
Чтобы по лужам погонять

Жансұлтан:

Наступила осень,
Пожелтел наш сад.
Листья на березе
Золотом горят.

Нурилла:

Осень милая садис,
Вместе с нами веселись.
Будем праздник продолжать
Будем мы стихи читать.

Жүргізуші: Біздің балаларымыздың «Шалқан» ертегісінен көрінісімізді
тамашалаңыздар.

Шал-Мирас

Кемпір-У.Інжу

Немересі-Фариза

Күшігі-Әли

Мысығы-Жансұлтан

Тышқан-Гулназ

Би: «Саңырауқұлақтар»

Мирас-Кәусар

Әуес-М.Кәусар

Димаш-Қыдырәлі

Абдірасул-Малика

Марғұлан-Рамазан

Жүргізуші: Тақпақтарымызды тамашалаңыздар.

Марғұлан:

Алтын сары,қызыл,көк
Алуан алуан жапырақ,
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады жапырақ.

Ү.Кәусар:

Алтын күз әсем айналам,
Қараймын көім талғанша
Жақын қалды желтоқсан
Жабырқайды жапырақ.

Қыдірәлі:

Алқаптан бидайды
Қоймаға ел жинайды
Тырнасы тізілген
Ұнатам күзді мен.

Абдірасул:

Мен жүзіммін, жүзіммін
Моншақ болып тізілдім.

Ойын: «Шар жару»

Жүргізуші: Ата-аналар,сіздерге арналған «Жұлдыз» тобының «Шар жару» атты ойыны бар. Ата-аналар ортаға шығып аяқтарына үрлеген шарды байлап жүп –жүп болып қойылған музыкаға билеп аяққабайланған шарды басып жару керек.Қай шар соңында жарылмай қалады сол жеңімпаз.

Жүргізуші: Тақпақтарымызды тамашалаңыздар.

Нурилла:

Дала сары киінді
Самал соқты салқындау
Қырымандарға үйілді,
Алтын астық алтын тау.

Элдар:

Көк майсалы көрікті
Алқаптағы көп егін,
Бұл күндері киіпті
Сары жібек көйлегін.

Айкүнім:

Күн шуаққа маужырап
Жатыр еді атырап
Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жапырақ.

Рамазан:

Алтын сары ,қызыл көк
Алуан алуан жапырақ
Күзгі бақта күлімдеп
Көз тартады атырап.

Хор: «Жаңбыр»

Жүргізуші:Құрметті қонақтар осымен біздің «Жұлдыз»тобы дайындаған
«Күз сыйы» атты мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды.Назар қойып
тыңдағандарыңызға көптен көп рахмнт!


20.10.14



Казыгүрт ауданы
Жаңабазар ауыл округі
«Балдырған бөбекжай» балабақшасы

"Қош келдің, Жаңа жыл!"

«Жұлдыз» тобы

Әзіршілер: Имадуллина А.
Естемесова М.

2017 жыл

«Қош келдің, Жаңа жыл!»

Жүргізуші: Құрметті әріптестер, ата-аналар, бүлдіршіндер сіздерге жаңа ит жылында табыстарға жетіп, отбасыларыңызға қуаныш пен бақыт дендеріңізге саулық тілей отырып бүгінгі «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты жаңа жылдық ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Фариза:

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды
Жаңа жылмен құттықтаймын бәрінді
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін.
Бәрімізге мына жыл арайлы.

Мирас: Құтты болсын ағайын

Жаңа жылың тағы да
Қол соғып қарсы алайық
Шақырайық ортаға
Ертеңгілік басталсын
«Жұлдыз-ай» тобында.

Балалар келіп, тұрады.

-Балалар мен бір жылаған дауысты естіп тұрған сияқтымын.

-Ой ақ қоян неге жылап отырсың?

Ақ қоян неге көңілсізсің?

Қоян: У Інжу

Бәрі-бәрі жақсы –ау, бірақ біздің шырша жанбай тұр. Біз жаңа жыл мерекесін қалай тойламақпыз?

Түлкі: Мен түлкімін, түлкімін тұнып тұрған күлкімін.

Қоян неге жылайсың?

Қоян шыршамыз жанбай тұр.

Түлкі: сен қапа болма қазір шыршаны жағуға әрекет жасаймыз.

Балалар әдемі сөздермен шыршаның шамын жағайықшы.

Балалар: Қуант, бізді таңырқат

Шамдарыңды жарқырат 3-рет

Балалалар шамдарын жағады.

Балалар біздің шыршамызға кім жетіспейді.

Балалар: Аяз ата Ақшақар

Балалар Аяз атаны шақырмас бұрын қонақтарымызға жаңа жылдық тақпақтарын айтып берейік.

Гулназ:

Сәлем бердім баршаға
Құттықтаймыз жар сала
Бүгін бізде жаңа жыл
Қош келіпсіз шыршаға.

М.Каусар:

Келді тағы жаңа жыл!
Қуантумен біздерді
Құтты болсын қуаныш
Құттықтаймыз сіздерді.

Хор: «Жасыл шырша»

Жүргізуші: Қанекей бәріміз бірге Аяз атаны шақырайық.

Балалар: Біз сендерді сағындық

Аяз ата, Ақшақар

Тез келіндер ортаға

Аяз ата, Ақшақар.

3-рет

Алдар көсе: е-е-е-е-е-е-е-е

Мен алдармын, алдармын

Сақалды да алдармын

Сақал түгіл мұртта жоқ

Шайтанды да алдармын.

Е-е-е а-а-а-а-е-е-е-е

Алдар көсе: Саламатсыңдар ма балалар! Мен Аяз ата мен Ақшақарды іздеп жүр едім. Қоян мен түлкі шыршаларыңның сәні болып кеткен бе? Түлкі мен қоян болған соң Аяз ата келмей жатқан сияқты. Түлкі қоян жүріңдер байды алдап, қарнымызды бір тойдырайық.

О-О-О мыналарды қара!

Аяз – атадан сыйлық алмақшы,

Сендерден бұрын мен аламын.

Хи-хи-хи

Ананыда алдадым, мынаныда алдадым

Мен Алдармын айлакер

Аяз – ата сыйлық бер.

Жансұлтан:

Алақай жаңа жыл!

Бәрі аппақ оймен қыр

Шыршада біз ойнаймыз

Жаңа жылды тойлаймыз.

П.Бағдәулет:

Жаңа жыл, Жаңа жыл!

Сені күтем елендеп

Өзіңменен ілесіп

Аяз ата келер деп.

Е-е-е-е-е

Қош сау болындар.

Балалар: Аяз ата, Ақшақар 3-рет
Әуенмен Аяз ата, Ақшақар келеді.

Аяз ата: Саламатсындар ма балалар!

Құтты болсын, балалар
Келген жаңа жылдарың

Алаңдамай өсіңдер

Еркелеп ұл қыздарым

Өткен жылы келіп ем.

Бәріңдіде көріп ем.

Удемді беріп ем.

Ақшақар:

Сәлеметсіңдер ме балалар!

Жаңа жылдарың құтты болсын.

Сүйсіндірер маңайды

Ақшақармын арайлы

Жалт-жұлт еткен жүзіңнен

Күміс сәуле тарайды

Ақшақармын аппақпын

Қалай тыным таппақпын

Менсіз қыстың сәні жоқ

Әнімін, жырмын, таппақпын.

Жүргізуші: Қош келдіңіздер, баршаңыз жолдан шаршап
келдіңіздер. Отырыңыз ата дем алыңыз. Біздің балаларымыздың әсем әні де
бар, биі де бар бірге тамашалаңыз.

Ө. Инжу:

Жаңа жылда оңаша

Таппақ айтамыз

Болсын риза балаша

Әппақ аяз атамыз.

Сырым:

Аппақ тонға оранып

Базарлықты мол алып

Келді алыс сапардан

Аяз ата оралып

Ү. Кәусар:

Оралды өлкеме

Жаңа жыл оралсын

Оранды ақ көрпеге

Асқар тау, қарлы шың.

Ф. Инжу:

Ойнаймыз, тойлаймыз

Біздің бақшада

Ойыншықтар көп екен

Әсем шыршада

Б.Бағдәулет:
Тамаша,тамаша
Аяз ата келді
Әнімізге қосылып
Бізге сыйлық береді.

Ескі жыл: Бүгіннен ертең ғаламат, алдыңғы сапта боларсың, келер жы
саған аманат.Тауық итке тапсырады. Балалар енді қандай жыл екені
көрейікші. Ескі жыл біздің балаларымыздың өнерін тамашалаңыз, сосы
балалармен бірге жаңа жылды қарсы аламыз.

Би: «Хафанана»

- 1.Сауран, Фариза
- 2.Элдар, Назгул
- 3.Жансұлтан, Інжу
- 4.Мирас, Аяу
- 5.Ауес, Малика

Жүргізуші: Ал балалар тұрмайық Ескі жылмен қоштасып,
Жаңа жылды қарсы алайық.

Жаңа жыл:Ит аф-аф-аф-аф-аф

Мен жаңа жылмын
Мен жаңа нұрмын
Нұрымды да себейін
Жырымды да себейін
Жеті қазынаның бірімін
Қасқыр келсе үремін
Аяз ата мен сізге
Тақпақ айтып беремін

Жүргізуші: Балалардың тақпақтарын тыңдаңыздар.

Сауран:

Жаңа жылмен,жаңа жылмен
Құттықтаймын әрине
Атамызды,Әжемізді
Қонақтардың бәрінде

Назгул:

Сақалы аппақ күмістей
Тістері аппақ күріштей
Қызыл ала шапаны
Сағындым аяз атаны

Нурила:

Қайда қызық болса думан
Аяз ата сонда болды
Күндіз үйде ойнап бізбен
Балалармен бірге болды

Аяулым:

Жаңа жыл, жаңа жыл
Жаңа жылда, жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Жадырап бір бала жүр.

Би: «Шырша»

1.Нурила	4.М.Кәусар
2.Зере	5.Ү.Кәусар
3.Гулназ	6.Айкүнім

Ата-анамен ойын.

«Кім жылдам ойыны»

Балаларымыздың тақпақтары

Нұрасыл:

Той мереке салтанат
Думандатты шартарап
Келді міне жаңа жыл
Тартуларын арқалап

Әуес:

Әлде қарлы боранда
Тау басынан түсті ме
Аяз ата оралды
Ақ тон киіп үстіне

Қыдырәлі:

Кел билейік сенімен
Деймін тартып жеңінен
Еріп кетпе ақ шақар
Адамдардың демімен

Абдірасул:

Ақ қырауға малынған
Сақалы да мұрты да
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына

Марғұлан:

Жасыл желек жамылған
Асыл моншақ тағылған
Міне сұлу шыршамыз
Көптен күтіп сағынған

Димаш:

Аяз ата аппақ
Кәмпиттері тәтті-ақ
Маған кәмпит көп берсең
Тағы айтамын таппақ.

Зере:

Жаңа жылмын жол болсын
Келген қадамың ақ болсын
Төрлет, төрлет жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын

Фаризаның орындауында ән тыңдаңыздар.

Ән: «Жаңа – жыл!»

Ертегі «Қошқар мен Теке»

1. Қошқар - Сауран
2. Теке - Мирас
3. Кемпір, Шал – Нұрасыл, Інжу
5. Қасқыр-Жансұлтан, Әуес

Би: «Гном»

1. Б. Бағдәулет-Гулназ
2. Сырым-Аяу
3. Нұрасыл-Фариза
4. Бағдәулет-Інжу
5. Димаш - Айкүнім

Тақпақтар:

Дидар:

Жап жасыл шыршамыз
Қандай тамаша

Рамазан:

Келіп аяз атамыз
Жылды тойлап
Билеп, ойнап,
Көп қызыққа батамыз

Би: «Жаңа – жыл!»

1. Жансұлтан - Назгул
2. Сауран - М. Кәусар
5. Қыдырәлі – Ү. Кәусар.

Элдар:

Жылдың әнін бастаймын
Аяз ата кеп қалды
Майысады жас қайың
Көтере алмай көп қарды

Айкүнім:

Жамылған ақ мамық, ұлпа қар
Нұрланар кең байтақ отаным
Бала жоқ сыйлықтан құр қалар
Сыйлығы көп аяз атаның

3. Рамазан-Зере

4. Марғұлан-Нурилла

Хор: «Шырша жыры»

Жүргізуші: Аяз ата, Ақшақар сіздер біздердің балаларымыздың сыйлығын қашан бересіздер.

Аяз ата : Ой-ой, ұмытшақ басым –ай, қазір, қазір.

Аяз ата:Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуанып тастадыңдар. Алыс жерден шаршап келгенімде, көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың ақылды, өнерлі екенсіңдер. Киген киімдерің қандай әдемі.Солай емеспе қызым? Ал балалар сендерым, өсе беріңдер, өркендей беріңдер қош болыңдар!

Балалар: Сау болыңыздар.

Бәрі: Біз тілейміз жаңа жылдық шаттықты
Біз тілейміз жаңа жылдық бақытты.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! Жаңа жылдық мерекеміз, аяқталып қалды. Осындай ертеңгілікке ат салысып жүрген ата - аналар, әріптестерім сіздерге мың алғыс. Тамашалағандарыңызға рахмет! Қош сау болыңыздар!

21/12/17

Аяз

Хор: «Шырша жыры»

Жүргізуші: Аяз ата, Ақшақар сіздер біздердің балаларымыздың сыйлығын қашан бересіздер.

Аяз ата : Ой-ой, ұмытшақ басым –ай, қазір, қазір.

Аяз ата:Жарайсындар балаларым! Мені бүгін бір қуантып тастадыңдар. Алыс жерден шаршап келгенімде, көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың ақылды, өнерлі екенсіңдер. Киген киімдерің қандай әдемі.Солай емеспе қызым? Ал балалар сендерым, өсе беріңдер, өркендей беріңдер қош болыңдар!

Балалар: Сау болыңыздар.

Бәрі: Біз тілейміз жаңа жылдық шаттықты
Біз тілейміз жаңа жылдық бақытты.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! Жаңа жылдық мерекеміз, аяқталып қалды. Осындай ертенгілікке ат салысып жүрген ата - аналар, әріптестерім сіздерге мың алғыс.Тамашалағандарыңызға рахмет! Қош сау болыңыздар!

21.12.17 к.

[Signature]

Оңтүстік Қазақстан облысы

Қазығұрт аудандық

білім бөлімі

«Балдырған» бөбекжай-балабақшасы

«Еңбек ширатады, өмір үйретеді»

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

Тәрбиешілер: Имадуллаева А
Естемесова М

2017 ж.

Түсінік
Түсінік: Өзүр

Білім беру саласы:Қатынас,Таным,Шығармашылық.

Бөлімі:Көркем әдебиет,Орыс тілі, Қоршаған ортамен таныстыру, Мүсіндеу.

Тақырыбы: «Еңбек ширатады,өмір үйретеді»

Мақсаты:Жыл мезгілінің ерекшелігін түсіндіре отырып,тілін дамытуға,күзгі табиғат сұлулығына назар аударту,сурет көрінісін әңгімелей отырып,ересектердің еңбегімен таныстыру.Слайд арқылы ересектердің еңбектерін айту.Ересектердің қызыметтерін құрметтеп оның нәтижелерін ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:Суреттер,Слайд.

Оқу қызметі	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Қорғаушы күші	Балалар сендер балабақшаға қай уақытта келесіңдер? -Дұрыс,міне тағы да таң атып күн шықты,ендеше сәлемдесіп алайық. Шаттық шеңбері: Біз қандаймыз,қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз. Күлімдеген күндейміз, Ренжісуді білмейміз. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге. Тосын сәт: Күз ханшайымы. Сәлеметсіңдер ме? -Балалар көңіл күйлерің қалай? Қазір жылдың қай мезгілі? -Балалар күздің қандай белгілерін байқадыңдар? Балалар кім күз мезгілі туралы тақпақ біледі.	Таңертең келеміз Балалар шаттық шеңберіне тұрып өлең шумағын айтады. Сәлеметсіз бе? Балалардың жауабы. Күз мезгілі. Жапырақтар сарғаяды,жаңбыр жауады,күн суытады,жылы киімдер киеміз. Фариза: Здравствуй,осень!Как дела? Ты надолго к нам пришла? Приготовила уж краски, Чтоб одеть деревьям маски?

Инжу:

Осень я люблю за то
Что пора носить пальто
И сапожки одевать
Чтобы по лужам па гонять

Нурила:

Осень милая садись,
Вместе с нами веселись
Будем праздник
продолжать
Будем мы стихи читать.

Жансултан:

Наступила осень,
Пожелтел наш сад
Листья на береза
Золотом горят.

Ойын: Дид:Игра «Что где
растёт?»

Сергіту сәті

Жарайсыңдар балалар,мен
сендермен қоштасайын қош сау
болыңдар.

Тәрбиеші:

Ал енді балалар біз «Алтын
күзбен таныстық,
енді,үлкендердің еңбегімен
танысамыз.

Балалар сендерге өлең оқып
берейін.

Балалар ойнайды .

Балалар жасайды.

	Өлең оқу: Әзір ас жоқ дүниеде. Сабақ өзі оқылмайды. Көйлек өзі тоқылмайды. Тұқым өзі себілмейді.	
	Үйлер өзі салынбайды. Кендер өзі табылмайды. Кітап өзі жазылмайды. Барлық істің батыры- біз, Екі қолмен ақылымыз. Сұрақ жауап: Осының бәрін кім істейді? Кім айтады?	
	Асты кім әзірлейді? Сабақты кім оқиды? Көйлкті кім тоқиды? Тұқымды кім себеді? Үйлерді кім салады? Кенді кім табады? Кітапты кім жазады? Яғни біз осылардың барлығы ақылымызбен екі қолымыздың арқасында болып жатыр. Балалар үлкендердің жасаған еңбегін слайдтан көрейікші.	
	Слайдпен жұмыс: -Балалар тұрғын үйлермен, мектеп ,емхана, балабақша салып жатқан құрлысшылар. -Суреттен қандай мекеме көріп тұрсыңдар? -Бұл ғимараттарды кімдер салып жатыр?	-Көп қабатты үйлер. -Құрлысшылар. -Құм, тас цемент
	Үй салу үшін қандай материал қажет? -Тігінші не істейді? -Бізге қандай киімдер тігеді?	-Киімдер тігеді. Бізге лайықты, сәнді киімдер тігеді.

	-Мал өсірумен айналысатын,қой бағатын адамды не деп атаймыз?	-Шопан -Ет,сүт,жүн
	-Мал шаруашылығының бізге берер қандай пайдасы бар? Егістік алқабындағы диханшылар еңбегі. -Диханшылар не істейді? Оңтүстік Қазақстандық аяқ киім фабрикасындағы еңбек адамдары. -Мұнда кімдер жұмыс жасайды? -Бұл аяқ киім фабрикасында сәнді,сапалы денсаулыққа зияны жоқ аяқ киім шығарып жатыр. Міне көрдіңдер ме барлық адамдар еңбек етіп жатыр.Осылардың барлығын еңбектің арқасында және білімнің арқасында болып жатқан дүниелер.Білімнің болмаса киімді қалай тігуді,үйді қалай тұрғызуды білмейміз. -Балалар еңбек туралы мақал – мәтел,білесіңдер ме?	-Диханшылар егін орып жинап алады. -Жұмысшылар аяқ киім шығарып жатыр. Ү. Кәусар: Еңбек етсең ерінбей Тояды қарының тіленб М.Кәусар: Еңбек –еңбек бәрін жеңбек Фариза: Еңбек түбібереке Көптің түбі мереке Гүлназ: Еңбек етпесең елге өкпелеме Егін екпесең жерге өкпелеме

		Ф.Інжу Еңбек гүлі өмірдің Нұрланған өткір талаппен Сәулеті биік өнердің Табылған мықты тұрақпен Мирас: Еңбекті сүй құрметте Береке болар еңбекте Тіршілік тыныс рахатын Еңбекпенен табылған Балалар жұмыс жасайды
	Ойын: Дұрысын тап Шарты: Сызба арқылы дұрысын табу. Жарайсыңдар балалар .Біз еңбектің не екенін еңбек етудің қажет екенін білдік. Олай болса сергіту сәтін жасап, еңбек туралы өлеңімізді қайталйық. Гүл өсірсең терлеп Мұның аты еңбек Кесте тіксең зерлеп Қырға шықсаң өрлеп, Мұның аты еңбек Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек. Ал енді еңбек етіп көрейік. Ермексаздан күнбағысты мүсіндейміз. Қауіпсіздік ережесін сақтаймыз. Ал екінші топтағы балаларымыз банканың ішін толтыруы керек.	Өлең жолдарын қимыл – қозғалыспен айтады. Балалар жұмыс жасайды.

Қорытынды	-Балалардың жасаған жұмыстарына қарай,сұрақтар қойып,оқу қызметін аяқтайды. Балаларды мақтау,мадақтау.	Балалардың жауаптары,өздері не жұмыс жасағандары туралы айтады.
-----------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Білді:Кәсіби еңбек түрлерін біледі,айта алады.

Түсінеді:Еңбектеніп, өзіне –өзі қызымет етуді түсінеді.

Қолданды:Өз беттерінше еңбек ету үшін өмір жаттығуларын,күнделікті өмірге қолдана алады.

Handwritten signature